ӘОЖ 373.5

ОРТА МЕКТЕПКЕ АУЫСҚАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ЖАҒЫМДЫ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

КӨКШЕЕВА З.Т.
ЗЕЙНУЛЛАЕВА Ж.А.
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сыныптан орта мектепке ауысқан оқушылардың оқу үлгерімі мен психологиялық ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынып, осы жағдайда оқушылардың жағымды оқу мотивацисы қалыптастыру мәселесі баяндалады.

Түйінді сөздер: начальных классов, средней школы, ученики, учебная мотивация, формирование.

Қазіргі жаңару үдірісіндегі Қазақстан мектептерінде бастауыш сыныптан орта мектепке ауысқан оқушылардың оқу мотивацисы мен оқу үлгерімі мәселесі өзінің өзектілігімен жиі көтеріледі. Оның басты себептерінің бірі елімізде қарқынды жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жаңару үрдістеріне сәйкес оқу ағарту ісіндегі жаңашыл талаптармен, жаңа бағдарламаларға сәйкес оқыту болса, екіншіден көптеген балалардың балабақшаларда тәрбие-оқыту іс-шараларынан шеттеп қалуына байланысты мектептегі оқу әрекетін бірден іліп алып кете алмауы болса, үшіншіден қазақ балаларының көбі қазақ тілін жақсы меңгермеуі болып табылады. Сонымен қатар, орта білім беру жүйесі он екі жылдық білімге көшуіне байланысты мектептегі оқуға балалар алты жастан қабылданғандықтан төменгі сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне де өзгеріс енгізді. Бұл өзгеріс мектептегі оқуға деген дайындық уақытының қысқаруына байланысты кейбір балалардың оқу мотивінің қалыптасып үлгермеуімен сипатталады.

Елімізде оқушылардың оқу әрекетіне мотивациясын қалыптастыру бағытында біршама зерттеулер бар болғанымен, оқу мотивациясының оқушылардың бастауыш сыныптан орта білім беру сатысына ауысқан шақтағы өзгерістерінің психологиялық тұрғыда зерттеліну жағы аса зерттеле қоймағын.

Мектепте оқушылардың білімдерінің үлгеріміне көптеген факторлар әсер етеді: әл-ауқаты, денсаулық жағдайы, жасы, отбасылық жағдайы, оқу орнына дейінгі дайындық деңгейі, өзін-өзі ұйымдастыру дағдысы, өз қызметін ұйымдастыру және қадағалауы, оқу орнын таңдау, білім алу формасы, оқу орынның білім алу процесінің ұйымдастырылуы, оқу орынның материалдық базасы, қызмет көрсетушілер мен оқытушылардың біліктілік деңгейі, мектептің абыройы және де оқушылардың жеке психологиялық ерекшелігі. Осы факторлардың ішінен оқушылардың оқу үлгеріміне ең көп әсер ететіні оқу мотивациясы. Осы орайда бастауыштан ауысқан ортаңғы сынып оқушысының оқудағы жетістігі оқу мотивациясымен, мектептің ішкі тәртібіне бейімделуімен, сыныптағы мұғаліммен, оқушылармен жасайтын қарым-қатынасына тікелей байланысты болады. Сондықтан мектептегі оқыту және тәрбиелеу іс-шараларына қойылатын қоғамның басты талаптарының бірі жаңа тиімді психологиялық-педагогикалық технологияларды өмір талаптарымен сәйкестікте қолдана отырып, балалардың ынтасын, оқуға деген қызығушылығын көтерумен қатар олардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, өзінің әлеуметтік-психологиялық қасиеттерін дамытуына ықпал ету болып табылады.

Осыған байланысты төменгі сынып оқушыларының оқу-танымдық мотивтерінің қалыптасуы мен жаңа оқу әрекетіне бейімделу мәселесі әр мектептің ерекше мән беретін мәселесі. Бұл мәселенің дұрыс жолға қойылуы бала оқуының сәттілігіне, оның жеке басының әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінің дамуына, танымдық белсенділігінің жоғарылауына негіз береді. Мотивацияға талдау жасай кетсек, бұл мәселе кеңестік те, шетелдік те психология ғылымының фундаментальды мәселелерінің бірі болып қала бермек, Х. Хеккаузен атап көрсеткендей, «мотивация психологиясындай жан –жақты қарастыруға болатын психологиялық зерттеу саласы табыла қоймас» [1].

Мотивацияны зерттеумен Х. Хеккаузен, Роджерс. К, Маслоу А.Х, В.Г. Асеев, А.Н. Леонтьев, П. М. Якобсон, А.К. Маркова сынды атақты психологтар және басқалар айналысқан. Мотивация мәселесінің ең бір даулы сұрағы түрткі мен қажеттіліктің арақатынасы мәселесін шешумен С.П. Манукиян, Ю.В. Шаров, М.И. Божович және А.Н. Леонтьев[2] айналысқан. Адам іс -әрекетінің мотивациясы мәселелерін зерттеушілердің көпшілігі мотивация өзіне белгілі бір иерархиялық құрылымдарды және түрткілердің сан алуан түрлерін қосып алатын күрделі жүйе болып табылады деген пікірмен келіседі. Жекелеген іс -әрекет түрлерінің мотивациясы кеңінен зерттелген, соның ішінде оқу іс -әрекетінің мотиваиясы. Бұл процестің ерекшеліктерін зерттеуге А.К. Маркова[3], А.Т. Матис, Ю.Б. Орлов, М.В. Матюшкиндер үлкен үлес қосқан.

Мектеп оқушыларының оқу-танымдық мотивтері психология, педагогика ғылымдарында жиі көтерілетін және өзінің өзектілігін жоғалтпайтын проблема. Бұл мәселе шетелдік психологтар У.Макдугалл, В.Апельт, ресейлік психолог ғалымдардың Л.С. Выготскийдің, А.Н. Леонтьевтің, Д.Б. Эльконинніің, Л.И. Божовичтің, М.В. Матюхинаның, В.Ф. Моргун, Л.И. Божович, отандық психологтар С.М. Жақыповтың[4], М.И. Махмұтова, Х.Т.Шерьязданованың, Б.А. Амированың еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, жалпы оқу мотивациясын қалыптастыру мәселесі оқыту мен тәрбиелеуді ұштастыруға саяды, бұл қазіргі оқытудың маңызды аспектісі болып табылады. Яғни бұл оқытушының назарында оқушы жүзеге асыратын оқу ғана емес, сонымен қатар оқу барысындағы оқушы тұлғасының дамуы да болатындығын білдіреді. Мотивацияның қалыптасуы – оқушыларда біздің қоғамда қабылданған, оқущылардың белсенді жүріс-тұрысымен үйлесімі идеялдарды, дүниетанымдық құндылықтарды тәрбиелеу, ал бұл саналы және шынайы әрекет етуші мотивтердің өзара байланысын, сөз бен іс бірлігін, оқушының белсенді өмірлік позициясын білдіреді.

Ғылыми негізделген «Мотивация педагогикасын» құру үшін қазіргі мотивация психологиясын қарастыру керек. Оқу мотивациясын көптеген, өзгеретін және бір-бірімен жаңа қатынастарға түсетін жақтардан (қоғамдық идеалдар, оқушы үшін оқу мәні, оның мотивтері, мақсаттары, эмоциялары, қызығушылықтары, т.б.) қалыптасады. Сондықтан мотивацияның қалыптасуы оқуға деген жағымды немесе жағымсыз қатынастың жай ғана артуы емес, бұл олардың артындағы мотивациялық сфера құрылымының, оған кіретін талаптанулардың күрделенуі, олардың арасында жаңа, кемелденген, кейде қарама-қайшы қатынастардың қойылуы. Мотивациялық сфераның бұл жеке жақтары (және олардың арасындағы күрделі, диалектикалық қатынастар) мұғалімнің басқару объектісіне айналуы керек. Осы айтылғандарға сәйкес, бала мектепке келген сәтінен бастап, мотивацияның қалыптасуына талдау жасаймыз.

Объективті тұрғыда алып қарағанда, бала дамуының бұл кезеңі оның әлеуметтік маңызды іс-әрекеттерге алғашқы қосылуы, бұл тек ол үшін ғана емес, сонымен қатар қоршаған орта үшін де аса маңызды әлеуметтік саты. Мектепке барар алдында баланың бойында мектепке баруға деген мықты мотивацияның қалыптасып үлгеретіні бәрімізге белгілі. Психологтар (Л.И.Божович, Л.С.Славин, т.б.) бұл жеке тұлғалық қалыптасуға «мектеп оқушысының ішкі бағыты» деген анықтама береді[5]. Ол баланың мектепке барсам деген сұранысымен (мектеп формасын киіп, сөмкесін ұстауға деген құмарлығы), жаңа оқу іс-әрекетіне қатысуға деген құштарлығымен, қоршаған ортадағы жаңа жағдайдан орын алуға әуестігімен мінезделеді.

Психологтар мектепке дейінгі және мектептегі балалық шағы аралығында бала санасында алғаш рет оның объективті жағдайы мен ішкі бағытының арасында алшақтық болатынын атап көрсетеді. Бұл кең аумақты қажеттілік *мектепке субъективті даярлықты* құрайды. Мұнымен қатар, *мектепке объективті даярлықта* орын алады – баланың мектепке келгендегі білімдері мен қабілеттілік деңгейі.

Жүргізілген байқаулар қазіргі заманның жеті жасар баласының субъективті даярлығы басқа балалардың мектептегі қиындықтар жайында айтқан әңгімелерінің әсерінен төмендейінін көрсетті. Бұл сонымен қатар білім алуға, оқуға деген құштарлықтың балалар бақшасының өзінде қанағаттандырылып жататынымен де байланысты. Осылармен қатар, объективті дайындық дәрежесі мәдениеттің жалпы дамуымен, радио, теледидарды пайдалануымен де көтеріліп жатады. Қазіргі кездегі жеті жасар баланың мәліметтерге қанықтық деңгейі осыдан отыз-қырық жыл бұрынғы деңгейден тым жоғары. Осылайша, қазіргі кездегі баланың субъективті дайындық деңгейі төмендеп, ал объективті дайындық дәрежесінің жоғары болуы бастауыш мектепте балалардың мотивациясын одан әрі қалыптастыру ісін күрделендірді. Енді төмен сынып оқушысының мотивациясының жағымды және келеңсіз жақтарын айрықшалап, оның осы жас кезеңінің барысындағы даму динамикасын бөліп көрсетейік. Мотивацияның жағымды жақтарына баланың мектепке деген жалпы дұрыс қатынасы, оның қызығушылық аясының кеңдігі, білімге құштарлығы жатады. Төменгі мектеп жасындағы баланың қызығушылықтары аясының кеңдігі оларды қоршаған ортадағы көптеген құбылыстардың, тіпті орта мектеп бағдарламасына да жатпайтын құбылыстардың қызықтыруынан көрінеді. Бұл әуестіктерінің кеңдігі төменгі сынып оқушыларының шығармашылық ойындарға, әсіресе, батырлық-романтикалық сюжеттерге, кітаптардығы сюжеттерге, кинофильмдерге сюжеттеріне деген сұраныстарынан әрқашан көріне бермейді. Бұл сюжеттерді ойнау барысында төменгі мектеп оқушыларының әлеуметтік қызығушылықтары, олардың эмоциялылығы, ұжымдық ойындық жанашырлық танытулары жүзеге асырылады. Тікелейлік, ашықтық, бастауыш сынып оқушыларының аңқаулығы, олардың ұстаздың мызғымас беделіне сенуі, оның кез-келген тапсырмаларын орындауға деген даярлықтары бұл жастағы міндеттеріне, жауапкершілікке, оқудың қажеттілігін түсінуге, Отанға пайдаларын тигізуге деген парыздылықтың кең әлеуметтік мотивтерінің қалыптасуына жағымды жағдайлар жасайды.

Бастауыш сынып оқушыларының мотивациясы оқуға кедергі келтіретін бірқатар кері мінездемелерге де ие. Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтары:

- Олар оқу іс-әрекетін ұзақ сақтамайтындықтары себепті, аса әрекетті емес;
- Тұрақсыз, яғни жағдайға байланысты, тек қанағаттанғыш және мұғалімнің қолқалауынсыз тез бәсеңдеп, қайта жаңармайды;
- Түйсінуі төмен, ол оқушының бұл пәннің не үшін, неге ұнайтынын айта алмайтындығынан көрінеді;
- Осал жалпыланған, яғни бір немесе бірнеше пәндерді, сыртқы сипаттары бойынша біріккен түрдегі пәндерді қамтыған.

Оқушының көбіне оқу іс-әрекетінің әдістеріне емес; оқу нәтижесіне мән беруі (білім алуда оған фактілік, нақыштық жағынан қарау, одан соң ғана заңдылықтарына мән беру); бастауыш сыныптардың соңына дейін көбіне оқу жұмысындағы қиыншылықтарды жеңуге деген қабілеттілік қалыптасып үлгермейді (бұған мұғалімдердің де кінәсі бар, себебі баға көбіне жасалған жұмыстың нәтижесіне ғана қойылады, оқушының қиыншылықтарды жеңуге қалайша талпынғанын мұғалімдер кейде түсініп жатпайды).

Бұл ерекшеліктердің барлығы үстіртін, бірқатар жағдайларға оқуға деген, мектепке деген ресми, қамкөңіл қатынас шарттарына негіз болады.

Егер оқу мотивтерінің жалпы қарқының ізімен жүрер болсақ, 1-ші сыныптан 3-ші сыныпқа дейін, келесі сипаттар ашылады. Бастапқыда мектепке келген оқушыларда мектепте болудың сырт келбеттік қызығушылықтары басым (партада отыру, форма кию, портфель ұстау, т.б.), одан соң оқу еңбегінің бірінші нәтижелеріне деген қызығушылықтары туа бастайды (алғаш рет жазған әріптері мен сандарына, мұғалімнің қойған алғашқы

бағасына), одан соң ғана оқу барысына, оның маңызына, ал одан кешірек - білім алу әдісіне бағытталады. (258-260 б.)

Оқытушы оқу-тәрбие процесінде оқытудың тек қолда бар мотивация деңгейімен ғана шектеліп қоймайды, себебі бұл баланың кешегі дамуына негізделіп, оның ертеңгі даму күніне бағдарланбауды білдірер еді. Сондықтан мотивацияның тәрбиелеп қалыптастыруда ерекше еңбек қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Х. Хеккаузен. Мотивация и деятельность / Х. Хекхаузен. — 2-е изд. — СПб. Питер; М.: Смысл, 2003. — 860 с
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность // Избр. психол. произведения: 2-х т. - М.: Педагогика, 1983.- Т.2. - С.94-231.
3. Маркова А.К. Психология труда учителя. – М.: Просвещение, 1993.
4. Джакупов С.М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения: Учебное пособие. – Алматы: «Казак университеті», 2002. – 117 с.
5. Л.И.Божович Избранные психологические труды. Проблемы формирования личности/ Под ред. Д.И. Фельдштейна. - М.: Международная педагогическая академия, 1995. - 212 с.

ПРОБЛЕМА ФОРМИРОВАНИЯ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПОЛОЖИТЕЛЬНОЙ МОТИВАЦИИ ОБУЧЕНИЯ ПРИ ПЕРЕХОДЕ В СРЕДНЮЮ ШКОЛУ

Кокшеева З.Т., Зейнуллаева Ж.А. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье анализируется работа ученых, изучавших успеваемость и психологические особенности учащихся, переведенных из начальной в среднюю школу, и в этом случае рассматривается вопрос формирования позитивной учебной мотивации учащихся.

Ключевые слова: начальная школа, старшая школа, студенты, учебная мотивация, образование.

THE PROBLEM OF FORMING POSITIVE MOTIVATION OF LEARNING IN STUDENTS IN THE ELEMENTARY CLASSES DURING THE TRANSITION TO SECONDARY SCHOOL

Koksheeva Z.T., Zeynullaeva Zh.A. - Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article analyzes the work of scientists who have studied the academic performance and psychological characteristics of students transferred from primary to secondary school, and in this case, the issue of the formation of positive educational motivation of students is considered.

Key words: primary school, high school, students, learning motivation, education.